

Мөрдiң
орны

Қорытынды аттестаттау емтихан материалдары
Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті (оқыту қазақ тілінде емес)

Бағыты: Оқу жүктемесі төмендетілген

Білім беру ұйымының атауы: _____

Сынып: 9 Литер: ____

Білім алушылардың аты жөні: _____

**Жалпы білім беретін мектептерге арналған
қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша қорытынды аттестаттау
9-сынып
1-нұсқа**

1-тапсырма. Төменде берілген мәтінді оқыңыз.

Туризм – мәдениет көрсеткіші

Саяхаттың бір түрі - туризм болып саналады. Туризм – жалпы халықаралық көлемде танылған аса маңызды мәдени-ағарту, спорттық, сауықтыру шаралары ретінде кеңінен танымал екендігін білеміз. Адамзат тарихында саяхаттау сауданы дамыту, жаңа жерлерді жаулап алу және игеру, ресурстарды іздеу мақсатымен пайда болды. «Туризм» француз тілінен енген, «серуендеу», «жол жүру» дегенді білдіреді. Адам бос уақытында өз еркінше көңіл көтеріп, демалады. Кейде көрікті орындарды көру үшін, рухани қажеттілік бойынша басқа бір жерге ерікті саяхаттап, серуендейді. Осыны «туризм» деп атайды. Адам жақын жерде қысқа уақытта орындалатын демалыс жасаса оны «серуен» деуге болады. Ал алыс жерге аттанған ұзақ мерзімдісі «саяхат» деп аталады.

Туристерді саяхат жасауға жағымды пікір ғана емес, тұмса табиғат, тылсым құбылыс, ғажайыптар, тәуекелдер қызықтырады. Адамды саяхаттауға ешқашан болмаған жаңалықтар, басқа да өз елдерінде бола бермейтін ерекше жағдай мен көңіл-күйлер шақырады. Турист қызықтау, көңіл көтеру, жаңа нәрсені көріп, тамашалау, өзін сынап, қауіп- қатерге тәуекел етуді көздейді.

Қазіргі күні туризм адамның еңбек демалысымен байланысты. Бұл адамның өз еркімен демалуға, бос уақытын өз қалауынша өткізуге құқығы бар деген сөз. Сонымен қатар халық пен адам арасында өзара түсіністікті көрсетеді. Кез келген туризм туристер есебінен дамып отырады. Бүгінгі таңда туризмнен түскен табыс мұнай өнімдері және автомобиль экспорты табысынан кейін тұрақты үшінші орында тұр. Ол табысы мол және жылдам дамып жатқан халықаралық сауданың бірі. Туризм ішкі өнімнің қалыптасуына, қосымша жұмыс орнын құруға, сыртқы сауда байланысының белсенділігіне ықпал етеді. Туризм бүкіл әлемдегі табысты бизнес көзі. Туризмнің маңызы жыл санап өсіп келеді. Туризмнің басқа салаларға тигізетін әсері мол. Оның отыз екі салаға жанама ықпалы бар.

Туризмнің экономикалық маңызы зор. Ол әлемдегі табысы жоғары салалардың бірі болып саналады. Еліміздің табиғаты мен географиялық орналасуы дүниежүзілік нарықта лайықты орын алуға мүмкіндік береді. Қазақстанның әр өңірінде туристерді баурап алатын керемет жерлер- таулар, ормандар, өзендер мен көлдер бар. Отандық туризмді дамытсақ, бірнеше міндеттер орындалады. Елдегі халықтың тұрмысы жақсарады. Экономикалық қуаты артып, жұмыссыздықты азайтуға үлесі ерекше зор. Қазақстан Республикасы дүниежүзі туристік ұйымының мүшелігіне 1993 жылы енген.

Қазақстанның әр өңірінің ауа райы бір-біріне ұқсамайды. Осы себептен жыл бойы туризм шаруашылығын жүргізуге өте тиімді. Қазақстанда Бурабай, Баянауыл, Марқакөл, Алатау, Хан Тәңірі баурайы, Шарын шатқалы, Маңғыстау түбегі сияқты ғажайып жерлер Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Арыстан баб кесенесі сияқты тарихи мұралары көп. (350 сөз)

1-тапсырма. Мәтіннен мына сөздердің сәйкес мағыналарын табыңыз.

Кісі - _____ [1]
Жұрт - _____ [1]
Есептеледі - _____ [1]
Айрықша - _____ [1]
Әлемдік - _____ [1]

Барлығы: [5 балл]

2-тапсырма. Төменде берілген әр сөйлемді өз сөзіңізбен қайта жазыңыз. Сөйлемдерді берілген сөздермен бастаңыз.

Мысалы: Саяхаттың бір түрі туризм болып саналады.

Туризм _____ [1]

Жауабы: Туризм саяхаттың бір түрі болып есептеледі.

1. Туризм – жалпы халықаралық көлемде танылған аса маңызды мәдени-ағарту, спорттық, сауықтыру шаралары ретінде кеңінен танымал екендігін білеміз.

Халықаралық _____
_____ [1]

2. Адамзат тарихында саяхаттау сауданы дамыту, жаңа жерлерді жаулап алу және игеру, ресурстарды іздеу мақсатымен пайда болды.

Саяхаттау _____
_____ [1]

3. Туристерді саяхат жасауға жағымды пікір ғана емес, тұмса табиғат, тылсым құбылыс, ғажайыптар, тәуекелдер қызықтырады.

Жағымды _____
_____ [1]

4. Қазіргі күні туризм адамның еңбек демалысымен байланысты.

Туризм _____
_____ [1]

5. Бұл адамның өз еркімен демалуға, бос уақытын өз қалауынша өткізуге құқығы бар деген сөз.

Өз _____

_____ [1]

6. Кез келген туризм туристер есебінен дамып отырады.

Туристер _____

_____ [1]

7. Туризм бүкіл әлемдегі ең табысты бизнес көзі.

Ең _____

_____ [1]

8. Ол әлемдегі табысы жоғары салалардың бірі болып саналады.

Табысы _____

_____ [1]

9. Еліміздің табиғаты мен географиялық орналасуы дүниежүзілік нарықта лайықты орын алуға мүмкіндік береді.

Дүниежүзілік _____

_____ [1]

10. Елдегі халықтың тұрмысы жақсарады.

Халықтың _____

_____ [1]

Барлығы: [10+5=15 балл]

3-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Мүмкіндігінше, өз сөзіңізбен жауап беруге тырысыңыз.

1. Туризм дегенді қалай түсінесіз?

_____ [1]

2. Елдегі туризмді дамыту қандай мақсаттарды көздейді? Кем дегенде 2 мақсатын көрсетіңіз.

1. _____ [1]

2. _____ [1]

3. Туризм ең табысты бизнес көзіне қандай дәлелдер келтіресіз? 2 дәлелді жазыңыз.

1. _____ [1]

2. _____ [1]

**Жалпы білім беретін мектептерге арналған
қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша қорытынды аттестаттау
9-сынып
1-нұсқа**

Нақты балл қою кестесі

Тапсырма	Сұрақ	Жауабы	Балл	Қосымша ақпарат
1	1	Адам	1	Ұсынылған сөздерге балама сөздер дұрыс жауапқа қабылданбайды. Сөздерде жіберліген орфографиялық қателер үшін балл саны шегерілмейді.
	2	Халық	1	
	3	Саналады	1	
	4	Ерекше	1	
	5	Дүниежүзілік	1	
2	1	Халықаралық деңгейде туризм өте маңызды мәдени-ағарту, спорттық, емдеу іс-шара түрінде белгілі болды.	1	Білім алушы сөздердің орнын ықтимал жауаптардан бөлек өзгерте алады, бастысы ой мен сөйлем құрылымы сақталуы қажет. Жауаптардың ұсынылған жауаптарға жуық болуы ескеру қажет.
	2	Саяхаттау сауданы дамыту, жаңа елдерді басып алу ойымен дүниеге келді.	1	
	3	Жағымды ой ғана емес, тамаша табиғат, ерекше құбылыс, құпиялар, қауіп-қатерлер туристерді саяхат жасауға тартады.	1	
	4	Туризм бүгінгі таңда адамның еңбек демалысымен сәйкес келеді.	1	
	5	Өзқалауымен бос уақытын өткізуге, қыдыруға адамның мүмкіндігі бар дегенді білдіреді.	1	
	6	Туристер қалтасынан кез келген туризм дамиды.	1	
	7	Ең кірісі көп дүниежүзіндегі бизнестің бірі туризм.	1	
	8	Табысы жоғары салалардың бірі болып есептеледі.	1	
	9	Дүниежүзілік нарықта Отанымыздың табиғаты мен орналасу географиясы лайықты орынға ие болуға мүмкіндік ашады.	1	
	10	Халықтың жағдайы оңалады.	1	
Тіл сапасы үшін қосымша бес балл беріледі			5	
3	1	Бос уақытта өз еркінше көңіл көтеріп, демалу, көрнекті орындарды көру	1	Білім алушының мәтін ақпаратын

		үшін, рухани қажеттілік бойынша басқа бір жерге ерікті саяхаттап, серуендеу.		қолданып өз сөзімен
	2	1. Елдегі халықтың тұрмысы жақсарады. 2. Экономикалық қуаты артып, жұмыссыздық азаяды.	1 1	жазған жауаптары қабылданады. Бірақ жауаптар ұсынылған жауаптарға жуық болуын ескеру қажет
	3	1.Бүгінгі таңда туризмнен түскен табыс мұнай өнімдері және автомобиль экспорты табысынан кейін тұрақты үшінші орында тұр. 2.Жылдам дамып жатқан халықаралық сауда сегменттерінің бірі.	1 1	
<i>Тіл сапасы үшін қосымша бес балл беріледі</i>			5	
Барлығы			30	